



Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорын қызметкерлерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 3-тоқсандағы түсіндіру іс-шараларының отырысының

ХАТТАМАСЫ № 04

Шымкент қаласы

19 тамыз 2024 жыл

Төрайымы: Аймаханбетова Д– кәсіпорын 14-бөлім меңгерушісі;
Хатшы: Махан Б - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет функцияларын орындайтын маман
Қатысқан адамдар саны: 37 (Бөлім меңгерушілер мен әкімшілік қызметкерлері)

Күн Тәртібінде:

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»
(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы);
«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже»
(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы)**

Тыңдалды: Аймаханбетова Д – бөлім меңгерушісі

Мекеменің бөлім меңгерушілері мен әкімшілік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңының 16-баптың 1-тармағындағы яғни кәсіпкерлік субъектілері өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөнінде, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту бойынша қаралған тармақтарын толық қанды таныстырып өтті.

Тыңдалды: Махан Б – комплаенс-офицері

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңының 16-баптың 3-тармағында көрсетілгендей, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен бекітілген әзірленген үлгілік ережені таныстырып өтті.

Одан бөлек, аталған ереженің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі туралы міндеттері туралы жауапкершілігін атап өтті.

Шешім:

1. Мекеменің комплаенс-офицерінің квазимемлекеттік сектор субъектідегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтері туралы үлгілік Ережесіндегі қаралған міндеттемелері тиісті түрде орындалсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайымы:

Аймаханбетова Д

хатшы:

Махан Б